

26 мамыр
Сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

ОЙЫЛ

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ҚАРАОЙ ТҮЛЕКТЕРІ РЕКОРД ЖАҒАРТТЫ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ ҚАРАОЙ АУЫЛЫНЫҢ БИЫЛҒЫ МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІ ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУДЕ ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕ КӨРСЕТІП, АУДАН ҒАНА ЕМЕС, ОБЛЫС ЖҰРТШЫЛЫҒЫНЫҢ НАЗАРЫН ӨЗДЕРІНЕ АУДАРДЫ. ШАЛҒАЙ АУЫЛДАН ШЫҚҚАН ЖАС ТҮЛЕКТЕРДІҢ ЖЕТІСТІГІ - ҰСТАЗДАР ЕҢБЕГІ МЕН АТА-АНА ТӨРБИЕСІНІҢ ЖЕМІСІ.



Алғаш болып Бекарыс Тәңірбай физика-математика бағыты бойынша 131 ұпай жинап, үздік нәтиже көрсетті. Көп ұзамай артынша Қарақат Сейтжанқызы информатика-математика бағыты бойынша 135 ұпай иеленіп, ауыл мерейін үстем етті. Алайда Қараойдағы қуаныш мұнымен тоқтаған жоқ.

Ауылдың тағы бір мақтанышы Мадина Серікбай ағылшын тілі – дүниежүзі тарихы бағыты бойынша 136 ұпай жинап, Ақтөбе облысындағы 2026 жылғы ең жоғары көрсеткіш иесі атанды. Бұл - тек Қараой ауылы үшін ғана емес, бүкіл аудан үшін зор жетістік. Қараой - талай дарынды

тұлғаларды түлеткен қасиетті мекен. Ақтөбе облысының батыс бөлігінде орналасқан бұл ауылдан әр жылдары ғылым мен білім саласында, медицинада, әскери қызметте елге танылған азаматтар шыққан. Биылғы түлектер сол ізгілікті жолдың жалғасы екенін дәлелдеді.

Мектеп қабырғасынан үлкен өмірге қадам басқалы отырған жас түлектердің бұл табысы кейінгі буынға үлкен мотивация болары сөзсіз. Білім бәсекесінде биіктен көрінген Бекарыс, Қарақат және Мадина - бүгінгі Қараойдың ғана емес, ертеңгі елдің мақтанышы. Жас түлектерге ақ жол, жарқын болашақ тілейміз!

20 ТҮЛЕККЕ ЖОЛ СІЛТЕГЕН СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ СЫҢҒЫРЫ

25 МАМЫР - БІЛІМ АЙДЫНЫҢДА МЕКТЕП АТТЫ КЕМЕНІ 11 ЖЫЛ МЕКЕН ЕТКЕН ТҮЛЕКТЕРДІҢ ЖЕЛКЕНІН ҮЛКЕН ӨМІРГЕ ҚАРАЙ БҰРАТЫН СӨТ. КЕШЕ ЕЛІМІЗДІҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНДЕГІ МЫҢДАҒАН МЕКТЕПТІҢ ЖАС ТҮЛЕКТЕРІ АЛТЫН ҰЯСЫМЕН ҚОШТАСЫП, ҮЛКЕН ӨМІРГЕ ҚАДАМ БАСАТЫН КҮН.



Көңілдерде қимастық сезімі ұялап, тарыдай болып аттаған табалдырықтан көкке қанат жайған соңғы қоңырау үні аудандағы білімнің қара шаңырағы Ж. Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінде де сыңғырлады. Мыңдаған түлектерді қанаттандырған оқу ордасына аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Гүлмира Садақбаева мен ата-аналар және ардагер ұстаздар да та-

бан тіреді. Алдымен биылғы түлектерді ортаға салтанатпен шақырып, жаңа өмірге ақ жол тілеген шарада мектеп директоры Есенгелді Беғалин алғашқы құттықтау тілегін білдіріп және биылғы оқу жылының үздік оқушыларына мақтау қағазын ұсынды. Сондай-ақ, 10 сынып оқушысы Нұртілек Бисембин мен 8 сынып оқушысы Ермек Заемге "асық атудан" Спорт шеберлігіне үміткер" атағын табыстады.

Шара барысында аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы мектеп бітірушілерге жылы лебізін білдіріп, ауданда білім саласын өркендетуге ерекше көңіл бөлініп, тәуелсіздік жылдары ішінде ауданның білім саласындағы жетістіктерді тілге тиек етті. Ал, сөз алған осы мектептің қырық жыл бұрынғы түлектері бүгінгі ізбасарлары – бес үздік оқушыға велосипед тарту етті. Алтын ұямен қоштасар сәт таяп, кешегі тұлымды ұл ат жалын тартып, азамат болғанын, тұлымшақты қыз бой жеткенін бүгін ғана сезінгендей, көңілдері толқып, жүректері лүпілдейді. Алғаш әріп танытқан, бойларына жақсылықты дарытқан, балалығы мен шалалығын кешірген

аяулы ұстаздарын қимаса да, қияға құлаш сермейді, аңсауға толы арманға қол созады. Мектеп бітірушілер бұдан кейін қоңырау олар үшін сыңғырламайтынын, мектеп партасына қайтып отырмайтынын білсе де, соның бәрін көкірегінің бір түкпіріне түйілген сырлы сағынышқа айналдырып кете бармақ. Ұстаздар он бір жыл бойы тәрбиесін шындаған, білімін жетілдіріп, қанаттандырған өрендерінің өздерін ешқашан ұмытпайтынына сенімді. Өйткені, бұл қайта айналып қайырыла бергі келетін, жыл сайын соңғы қоңырау соғылар күні жүрегің шымырлап, мектеп партасына жаңа отырған бала шәкірттей тебіренетін күн болып қала бермек.



ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті аудан тұрғындары!
Қадірлі жерлестер!

Баршаңызды айтулы мереке - Құрбан айт мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Береке мен бірлікті арттыратын құтты мейрам – Құрбан айт адамдардың бірі – бірімен етене араласуына, ұлттар мен діндердің өзара ынтымақтастығына жол ашады. Осы қасиетті күні халқымыз құрбандық шалып, бір-біріне тек жақсылық тілейді. Құрбан айт – кең пейілділік пен жомарттықтың, бауырмалдық пен қайырымдылықтың мерекесі.

Құрбан айт кезінде ата – бабаларымыз жетім-жесірді жебеу, мұқтажға қол үшін беру сияқты игі дәстүрлеріміз арқылы өзеге өнеге болатын ізгі әрекеттер көрініс тапқан. Осындай асыл үрдістер ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Дін тірегі - имандылық. Иmandылық әр адамды тек жақсы қасиеттерге тәрбиелейді. Әділет пен парасат жолымен ғана жүруге үндейді. Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері діліміз, тіліміз, дініміз қайта оралып, еліміз күн санап өркендеуде.

Бірлігі жарасқан ұлт өкілдері арасында қалыптасқан достық ниеттегі келісім арқасында қазақ жерінде 140 этнос пен 17 конфессия бейбіт қатар өмір сүріп жатыр.

Ауданымыздың мұсылман қауымы осында мекендейтін өзге дін өкілдерімен өзара бірлігін мақтан етуге болады.

Конфессияаралық келісімге ұйытқы болып, тек имандылықты, инабаттылықты, қайырымдылықты, жан мен тән тазалығын ғана уағыздайтын ислам дінінің ұлттаралық келісімді нығайтуға қосып отырған үлесі зор.

Қадірменді жамағат!

Әрбір шаңыраққа шалқыған шаттық, баянды бақыт, қуаныш әкелетін әлем мұсылмандарының мерейлі мерекесі Құрбан айтпен тағы да құттықтай отырып, отбасыларыңызға бақыт, береке тілеймін.

Құрбан айт мерекесінде жасаған барлық ықылас – ниеттеріңіз қабыл болсын!

Құрметпен, Ойыл ауданының әкімі
Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

БІР ЖЫЛДЫҢ ТАРТУЫ ТОҒЫЗ АЙҒА СОЗЫЛҒАН ТАҒЫ БІР ОҚУ ЖЫЛЫ АЯҚТАЛДЫ. АУДАНЫҢ БІЛІМ САЛАСЫ ҮШІН ТАБЫСТЫ БОЛҒАН ЖЫЛДЫ 23 МЕКТЕПТЕ БІЛІМ АЛЫП ЖАТҚАН 3189 ОҚУШЫ АЯҚТАП ОТЫР.

Сонымен қатар, Ойыл ауданында заманауи үлгідегі бір мектеп пен бір жаңа балабақша ашылды. Көрсеткіштерге келетін болсақ, биылғы оқу жылында 749 оқушы оқу орнына атынып, ауданның білім сапасы 57,2 пайызды құрады. Бұл – ұстаздардың қажырлы еңбегі мен оқушылардың ізденісінің нәтижесі.

Негізгі мектеп курсын 290 оқушы тәмамдаса, олардың 47-сі үздік аттестатқа үміткер атанып отыр. 13 орта мектепті биыл 171 түлек аяқтағалы отыр. Оның ішінде 17 оқушы «Алтын белгіге», 13 оқушы үздік аттестатқа үміткер. 2025–2026 оқу жылы ауданымыздың білім саласы үшін жетістіктерге толы жыл болды. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9–11 сынып оқушылары арасында өткен республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде Ойыл ауданының командасы 34,5 пайыздық көрсеткішпен облыс бойынша III орынды иеленді. Аталған олимпиада нәтижесінде Ш. Берсиев атындағы орта мектептің оқушысы Амантай Мадияр республикалық кезеңге жолдама алып, аудан мерейін республика деңгейінде таныта білді. Сонымен қатар, ауыл мектептерінің оқушыларына арналған олимпиада да аудан оқушылары жоғары нәтиже көрсетіп, Амантай Мадияр республикалық кезеңде жүлделі III орынға ие болды. Республикалық ауыл балаларына арналған «Мың бала» олимпиадасында Қараой мектеп-балабақшасының 6-сынып оқушысы Ералы Сапаров жоғары нәтиже көрсетіп, аудан абыройын асқақтатты. Спорт саласында да аудан оқушылары толағай табыстарға жетті. Облыстық Ұлттық мектеп лигасының жарыста Ж. Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұлдар командасы I орын иеленіп, аудан намысын жоғары деңгейде қорғады. Сондай-ақ 5–6 сыныптар арасында өткен облыстық Ұлттық мектеп лигасында Ә. Дербісалиев атындағы Саралжын орта мектебінің құрама командасы III орынға ие болды. Бүгінде Қызылорда қаласында өтіп жатқан республикалық Ұлттық мектеп лигасына Ж. Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің оқушылары қатысып, Ақтөбе облысының намысын қорғауда.

АЛТЫН ҰЯМЕН ҚАЙТА ҚАУЫШҚАН КҮН

Ш.БЕКМҰХАМБЕТОВА АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ ҚАБЫРҒАСЫНДА 1976 ЖЫЛЫ ОЙЫЛ ОРЫС МЕКТЕБІН ТӨАМДАҒАН ТҮЛЕКТЕРДІҢ МЕКТЕП БІТІРГЕН-ДЕРІНЕ 50 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ КЕШІ ӨТТІ.



Жарты ғасыр өтсе де, мектепке деген ыстық ықылас пен ұстаздарға деген құрмет өзгермеген. Кездесу барысында түлектер балалық шақтың қызықты естеліктерін айтып, білім алған ордаларымен қайта қауышты. Шара барысында «Ойыл ауданының құрметті азаматы»,

өлкетанушы Нұрлан Жұмағалиев мектеп кітапханасына Ойыл өңірінің тарихын қамтитын энциклопедиялық кітаптарды тарту етті. Сонымен қатар, Ресей Федерациясынан арнайы келген Олег Ярошенко, Әлібек Жайылханұлы және Вера Николаевна Ойыл ауданының 100 жылдық мерейтойлық медалімен марапатталды. Кеш барысында оқушылар мен ұстаздар ән шырқап, қонақтарға өнерлерін ұсынды. Түлектер мектеп өміріндегі естеліктерімен бөлісіп, білім ордасындағы өзгерістерді тамашалады.

Өз тілшіміз.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ БҮГІНГІ ТАҢДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕСІ ӨЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ БАРЛЫҒЫНА ОРТАҚ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛДЫ. ӨЙТКЕНІ ЖЕМҚОРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРІП, ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨСҮІН ТЕЖЕЙДІ, ХАЛЫҚТАРЫ БИЛІККЕ ДЕГЕН СЕНІМІН АЗАЙТАДЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДАҒЫ ӨДІЛЕТТІЛІК ҚАҒИДАТТАРЫНА НҰҚСАН КЕЛТІРЕДІ.

Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты тиімді жүзеге асыру – әрбір мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. Елімізде осы бағытта арнайы заңдар қабылданып, кешенді бағдарламалар жүзеге асырылып келеді. Мемлекет тарапынан мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етуге, халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға және мемлекеттік аппараттың тиімділігін күшейтуге ерекше көңіл бөлінуде. Сыбайлас жемқорлық – тек заң бұзушылық қана емес, ол қоғамның моральдық құндылықтарына кері әсер ететін қауіпті құбылыс. Жемқорлық орын алған жерде әділдік болмайды, ал әділдік жоқ қоғамда даму да баяулайды. Сондықтан бұл мәселеге тек құқықтық тұрғыдан емес, тәрбиелік және мәдени тұрғыдан да қарау маңызды. Соңғы жылдары елімізде мемлекеттік қызмет көрсету саласы айтарлықтай цифрландырылды. Көптеген қызметтер электронды форматқа

көшіріліп, азаматтарға онлайн түрде ұсынылуда. Бұл – халық пен мемлекеттік қызметкер арасындағы тікелей байланысты азайтып, жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға мүмкіндік беретін маңызды қадамдардың бірі. Бүгінде анықтамалар алу, құжат рәсімдеу, өтініш беру сияқты көптеген қызметтерді үйден шықпай-ақ жүзеге асыруға болады. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әдептілігі мен жауапкершілігіне ерекше талап қойылады. Мемлекеттік қызметші – халыққа қызмет етуші тұлға. Сондықтан олардың әрбір әрекеті заң талаптарына, адалдық пен ашықтық қағида-дәстүрлеріне сай болуы тиіс. Қызметтік өкілеттікті жеке мақсатта пайдалану – заң алдында жауапкершілікке әкелетін құқық бұзушылық. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда білім беру ұйымдарының да рөлі зор. Жас ұрпаққа адалдық, әділдік, парасаттылық сияқты құндылықтарды ерте жастан сіңіру қажет. Өйткені болашақта ел тізгінін ұстайтын жастардың саналы әрі жауапты болуы қоғамның дамуына тікелей әсер етеді. Осы мақ-

сатта білім беру мекемелерінде түрлі кездесулер, дөңгелек үстелдер, ашық сабақтар мен тәрбиелік іс-шаралар өткізіліп келеді. Қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыру – жемқорлықпен күрестің маңызды тетігі. Әрбір азамат заң талаптарын сақтап, кез келген құқық бұзушылыққа бейжай қарамауы тиіс. Егер қоғамда адал еңбек бағаланып, әділдік салтанат құрса, мемлекет те қарқынды дамиды. Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдардың міндеті емес. Бұл – бүкіл қоғам болып атқаратын ортақ жұмыс. Әр адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, пара беруден де, пара алудан да бас тартқанда ғана оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – еліміздің тұрақты дамуы мен жарқын болашағының кепілі. Әділдік пен адалдықты басты құндылық ретінде ұстанған қоғамда ғана халықтың әл-ауқаты артып, мемлекет нығая түседі. Сондықтан әрқайсымыз сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға өз үлесімізді қосымыз қажет.

ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҰМЫСТАРЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУДА «AMANAT» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚИЛИАЛЫ ЖАНЫНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ АУДАН КӨЛЕМІНДЕГІ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗДІ.

Бақылау жұмыстарына аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин мен аудандық филиалдың атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин қатысты. Алдымен комиссия мүшелері аудандық маңызы бар «Ойыл – Қараой» автомобиль жолындағы орташа жөндеу жұмыстарын қарады. Аталған жоба «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» саясатына негізделген іске асыру жөніндегі Жол картасына енгізілген маңызды нысандардың бірі саналады. Қазіргі таңда мердігер «ЗапКазПромСтрой» ЖШС-і 15–30 шақырым аралығында жол негізіне қиыршық тас төсеп, су өткізу құбырларын жөндеу жұмыстарын жүргізген. Сонымен қатар бұл учаскеде асфальт жамылғысын төсеу кезеңі басталған.

Ал 30–45 шақырым аралығында 15 шақырым асфальт жамылғысы төселіп, бірнеше су өткізу құбыры жөндеуден өткізілген. Бұл бөліктегі құрылыс жұмыстары толық аяқталған. Мониторинг барысында партиялық бақылау тобы «Шұбарши – Атырау облысы» бағытындағы автожол бойындағы көпір құрылысының жай-күйімен де танысты. «Lider Invest Group» ЖШС жүзеге асырған жоба толық аяқталып, нысан пайдалануға қабылдау кезеңіне өткен. Партиялық бақылау комиссиясының өкілдері жүргізіліп жатқан жұмыстардың сапасына, мерзімінде орындалуына және тұрғындар үшін маңыздылығына ерекше назар аударып, алдағы уақытта да бақылау жұмыстары жалғас-

сатыны атап өтті. Сондай-ақ «Шұбарши ауылынан Атырау облысының шекарасына дейінгі IV санатты жаңа автомобиль жолының құрылысы» жобасының орындалуы барысы қаралды. Жобаның «Қазақ жолы 2050» ЖШС-гі жүзеге асыруда. Қазіргі таңда 17,5 шақырым жол негізі көтеріліп, 5 су өткізу құбыры салынған. Сонымен қатар «Қаракөмемер-Ақшатау» автомобиль жолы орташа жөндеу жұмыстарының барысы зерделенді. Бұл нысанда «ЗапКазПромСтрой» ЖШС-гі 4 су өткізу құбырын салып, жұмыстарды жалғастыруда. Депутаттық бақылау барысында нысандардағы құрылыс жұмыстарының сапасы мен мерзімінде орындалуы назарға алынды.

БІЗДІҢ ТАҢДАУЫМЫЗ - ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ БОЛАШАҚ!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ ЕЛІМІЗДІҢ БҮГІНГІ КҮНГІ КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕСІ БОЛЫП ОТЫР. ҮЛКЕН ӨЛЕУМЕТТІК ҚАСІРЕТ САНАЛАТЫН ОЛ САЯСИ ДАМУ ТҰРҒЫСЫНАН БІР-БІРІНЕ ҰҚСАМАЙТЫН ӨЛЕМДЕГІ БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ҚАЙ-ҚАЙСЫСЫН ДА ҚАТТЫ АЛАҢДАТАТЫНЫ АНЫҚ.



Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлықпен күрес бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу – бүкіл халыққа ортақ міндет. Жемқорлықтың қарапайым түсінігі – лауазымды тұлғалармен қоғамның белсене атсалысуына байланысты, әлеуметтік желінің, өзге де медиа ресурстардың дамуы жағдайында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет барысында

оны жалпы жұртшылықтың жек көруі күрестің қуатты құралына айналуға тиіс. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатын түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік

саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Е. МЕКЕЕВ,
ҚР АШМ ВБЖҚК Ойыл аудандық аумақтық ветеринарлық-санитариялық инспекторы.

14 ЖАСТАН БАСТАП ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ БОЛАДЫ: ЖАС ӨСПІРІМ НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?



Жаз мезгілі көптеген оқушы үшін демалыс қана емес, алғашқы табыс табатын кезеңге айналып отыр. Алайда еңбекпен бірге жауапкершілік, қауіп қатар жүреді. Сондықтан мамандар жасөспірімдерге жұмыс таңдауда ең алдымен заң талаптарын білу маңызды екенін ескертеді. **Заң қандай шектеу қояды?** ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты жұмыспен қамту департаментінің директоры Мұхтар Төлеудің айтуынша, Епбек.кз порталындағы «Менің жазғы қаникулым» бөлімі арқылы оқушыларға арналған бос жұмыс орындарын табуға бола-

ды. Оларға театр, кино, цирк сияқты шығармашылық салаларда жұмыстар ұсынылады. Сондай-ақ сауда, тамақтану және SMM, маркетинг секілді digital бағыттар бар. – 14 жастан бастап тек жеңіл еңбек түрлеріне, оқу уақытынан бос кезде жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Занда көрсетілген талапқа сәйкес, 14-16 жас аралығындағы оқушылар аптасына 24 сағат жұмыс істей алады. Яғни күніне 4,5 сағаттан аспауы керек. Ал 16-18 жас аралығындағы жасөспірімдердің аптасына 36 сағат жұмыс істеуіне рұқсат берілген, – дейді спикер. Сондай-ақ 14 жаста еңбек

шартына жасөспірімнің өзі ғана емес, оның заңды өкілі – ата-анасы немесе қамқоршысы да қол қоюы міндетті. 15 жаста негізгі орта білім алған жасөспірімдер ресми жұмыс істей алады. 16 жастан бастап еңбек шартын өз бетінше жасауға құқығы беріледі. Дегенмен, заң бойынша жасөспірімдерді ауыр физикалық еңбекке, зиянды әрі қауіпті жұмысқа, сондай-ақ түнгі ауысымға тартуға тыйым салынған. Материалдық жауапкершілік жүктелетін қызметтерге де қабылдауға болмайды. Бүгінде ауысша келісімге сенетін уақыт өткен. Ресми жұмыстың басты кепілі – Еңбек

шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде тіркелген келісімшарт. Оны еGov.kz порталындағы «Еңбек қызметі туралы мәліметтер» бөлімінен тексеруге болады. Егер шарт жүйеде тіркелсе, жасөспірімнің еңбек етілі ресми есептеліп, құқығы заңмен қорғалады. – Жалақы нақты жұмыс істеген сағатқа пропорционалды түрде төленеді. Қоғамдық жұмыстарға 24 айлық есептік көрсеткіштен төмен емес, яғни ол 100 мыңның көлемінде, – деп нақтылады Мұхтар Төлеу. Министрлік дерегіне, былтыр Қазақстанда 14-18 жас аралығындағы 15 мыңнан астам жасөспірім ресми түрде еңбек еткен. Қазір Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде 6294 электронды еңбек шарты тіркелген. Бұл әлі де бейресми еңбек нарығында жүрген жасөспірімдердің барын көрсетеді. **Күмәнді вакансиядан қалай сақтану қажет?** Сондықтан мамандар күмәнді вакансиялардан сақ болуға шақырады. Себебі кей жағдайда жұмыс берушілер жалақы төлемей немесе ресми рәсімдеуден бас тартуы мүмкін. Мұндай жағдайда еңбек инспекциясына немесе «Е-өтініш» жүйесіне жүгіну қажет.

Осыған орай жұмыс іздеуге арналған платформалар қауіпсіздік тетіктерін күшейткен. Мәселен, hh.kz сайтында жасөспірімдерге арналған арнайы сүзгі қарастырылған. – HeadHunter платформасында «14 жастан бастап қолжетімді» сүзгісі бар. Ол көмекке толмағандарға заңды вакансияларды бірден таңдауға мүмкіндік береді. Жұмыс берушілер ЖСН/БСН арқылы тексеріледі, ал вакансияда жұмыс кестесі мен шарттары толық көрсетіледі. Егер күмәнді хабарландыру кездесе, қолданушылар «Көмек» бөлімі арқылы шағым қалдыра алады, – дейді HeadHunter Орталық Азия компаниясының маркетинг және PR менеджері Мұхамед Бағдатұлы. Соңғы жылдары жасөспірімдерге арналған жұмыс түрлері өзгерген. Бұрын оқушылар көбіне хабарландыру тарату немесе кітапханаға көмектесу сияқты жұмыстарды таңдаса, қазір digital бағытта сұраныс артқан. – Қазір кафе мен дүкендегі көмекшілік, қаптау, мерчендайзинг, курьерлік қызмет, әлеуметтік желі модераторы, онлайн-көмекші және промоутер секілді жұмыстар трендте, – дейді маман. «Жасыл елдің» мүмкіндігі Жасөспірімдерді жұмыспен қамтудың тағы бір бағыты –

мемлекеттік бағдарламалар. Соның бірі – «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы. Жақында жобаның XXII еңбек маусымы ашылды. Дерек бойынша, биыл 34 мыңнан астам жасты жұмыспен қамту жоспарланып отыр. Жастар еңбек жасақтары республикалық штабының басшысы Нұрасыл Бекматовтың айтуынша, жоба жастарды еңбекке баулып қана қоймай, экологиялық бастамалар мен азаматтық жауапкершілікке үндейді. – Бағдарлама арқылы 14-35 жас аралығындағы жастар уақытша жұмыспен қамтылады. Олар құрылыс нысандарында, «жасыл белдеуде», әлеуметтік және білім беру мекемелері аумағында, саябақтар мен көгалдандыру жұмыстарына тартылады. Оқушылар мектеп аумағында еңбек ете алады, – дейді ол. Еңбек кодексіне сәйкес, көмекке толмағандар күніне 4 сағаттан, аптасына 5 күн жұмыс істей алады. Оқушыларға шамамен 85 мың теңге көлемінде жалақы төленіп, арнайы форма беріледі. Ал 16-35 жас аралығындағы жастардың жалақысы өңірге байланысты 127 500 теңгеге дейін жетуі мүмкін. **Мәлдір СНАДИН**
kaz.inform.kz

ҚАДІРАІ ОТАНДАСТАР ЖӘНЕ АҚТӨБЕЛІКТЕР!

КҮЛЛИ МҰСЫЛМАН ҚАУЫМЫНЫҢ АСЫҒА КҮТКЕН ҰЛЫҚ МЕРЕКЕСІ – ҚҰРБАН АЙТ МЕЙРАМЫМЕН БАРШАҢЫЗДЫ ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!

Бұл мереке мейірім мен шапағаттың, ізгілік пен жомарттықтың қазығы ретінде қоғамның рухани-адамгершілік негізін нығайтуға ықпал етеді. Айт – ағайынның ауызбіршілігін арттыра түсетін, мұсылман қауымын имандылыққа ұйытып, барша адамды қанағат пен тәубеге шақыратын мейрам.

Құрбан айт – кешірім мен мейірімнің, қайырымдылықтың мерекесі. Айттың құрметіне ізгілік пен кеңшіліктің жолын ұстанып сыйлық берудің сауабы мол.

Осы ретте баршаңызды ел игілігі үшін жасалатын ҚМДБ-ның қайырымдылық акциялары мен сауапты іс-шараларға атсалысуға шақырамын.

Айтта орындалатын ең қайырлы амал – шынайы ықыласпен Алла разылығы үшін құрбан шалу. Айт күні жағдайы бар кісілер құрбан шалып, оны қараусыз қалған қарттар мен қамқөңіл жандарға таратып, сауап алады.

Өйткені, Құрбан айт – Жаратқанға жақындау мен қайырымдылықтың мерекесі. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Ұмытпандар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалықтарың (шынайы ниеттерің)» («Хаж» сүресі, 37-аят), – деп адал ниеттің маңыздылығын атап өткен. Дұға-тілектеріміз бен ізгі амалдарымыз және шалған құрбандықтарымыз, қасиетті Мекке қаласында қажылығын өтеп, еліміздің игілігі үшін дұға жасап жатқан ата-әжелеріміз бен бауырларымыздың тілегі қабыл болғай! Елімізге тыныштық, отбасыларыңызға амандық, зор денсаулық тілеймін! Құрбан айт жүректеріңізге жарқын үміт ұялатып, ертеңгі күнге деген сенімдеріңізді нығайта түссін! Айт құтты болсын!

Амантай САДИЕВ,
Ақтөбе облысының
Бас имамы.

ҚҰРБАН ШАЛУДЫҢ ТАЛАПТАРДЫ ҚАНДАЙ?

«Бұл күні меккеге барған қажылар мина алқабында құрбандық шалу рәсімі мен қажылықтың басқа да талап-шарттарын атқарса, қажылық жасауға шамасы келмеген мұсылмандар мешіттерде айт намазын оқып, айтулы мерекенің ең маңызды рәсімі – құрбандық шалады».

Құрбандық шалатын адамға қойылатын талаптар:

- ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына толған мұсылман болуы;
- тұрғылықты мекенде болғаны, яғни, сапарда болмағаны абзал;
- нисап мөлшерінде артық дәулеті бар адам болуы.

«Бірақ, бұл жағдайы төмен адам құрбан шалмасын деген сөз емес. Ондай құрбандық нәпіл құрбан үкіміне жатады», - делінген басқарманың мәліметінде.

Құрбанға қандай мал шалынуы тиіс?

- бес жасар түйені 7 адам бірігіп немесе бір адам шала алады.
- екі жасар сиыр малын 7 адам бірігіп немесе 1 адам шалуына болады.
- бір жасар қойды 1 адам шалады.

«Құрбан малын ниетті адамның өзі шалса, сауабы әлдеқайда көп деп саналады. Алайда, басқа адамға өкілдік беруге де болады.

Ол үшін телефон арқылы немесе хат-хабар арқылы шараны біреуге нақты уақытын айтып тапсыру қажет.

Өкілдікті қабылдаған адам құрбандық шартын ниетті адамның айтуы бойынша атқарады», - дейді дін өкілдері.

Құрбан шалу төртбі қандай?

- пышақ малдың көзінің алдында қайралмауы керек;
 - малды сол жамбасына жығып, кеудесімен құбылаға қарату қажет;
 - құрбан шалуға ниет ету (өз атынан немесе өзгенің атынан);
 - бауыздар алдында «Бисмиллаһ, Аллаһу әкбар!» деп айту;
 - малдың өңешін, кеңірдекті және мойынның екі жағындағы тамырды бір мезетте кесу;
 - малдың қаны толық ағып, жаны шыққанша күту қажет.
- Құрбандыққа қандай мал шалынбайды?**
- малдың бір немесе екі көзі

бірдей соқыр болса;

- құрбан шалу орнына өз бетімен жете алмайтындық ақсақ болса;
- тістерінің көбі жоқ болса;
- мүйіздері сынған немесе бір сыңары түбіне дейін жоқ болса;
- бір немесе екі мүйізі түбіне дейін кесілген болса;
- құйрығының жартысы немесе одан көп бөлігі жоқ болса;
- мал тым әлсіреген күйде болса;
- туғаннан құлағы немесе құйрығы болмаса;
- лас қалдықпен тамақтанып жүрген мал жарамсыз.

Қандай кемшілігі бар мал құрбандыққа жарамды?

- көруі нашар;
- бір аяғы ақсақ болса да, жүре алатын болса;
- мүйізінің бөлшегі сынық болса немесе туғаннан тоқал болса;
- санаулы тісі жоқ болса;
- құйрығының немесе құлағының кішкене бөлігі жоқ болса;
- құлағы тесілген болса;
- қышыма;
- пішілген болса құрбандыққа шалуға болады.

Құрбанға шалынған малдың етін қалай үлестіру қажет?

- еттің 3/1 бөлігін өзінің отбасына, бала-шағасына;
- 3/1 бөлігі туған-туыстары мен көршілеріне;
- 3/1 бөлігін кедей және мұқтаж жандарға үлестіру абзал.

Дін мамандары құрбанға шалынған малдың терісі қаспшыға қызмет ақысы ретінде берілмейтінін ескертеді. Оны сатып, ақшасын садақа ету қажет.

Құрбан шалудың тыйымдары қандай?

- шалынған малдың терісі мен қалған еті, басы мен басқа да бөлшектері сатылмауы тиіс;
- малдың көзінше пышақ қайрауға болмайды;
- соятын малға қатыгездік танытуға болмайды;
- өтпейтін пышақпен бауыздауға тыйым салынады.

ҚҰРБАН АЙТ — ҚҰТТЫ МЕРЕКЕ

Құрбан айт — мұсылман қауымы үшін ең ұлық мерекелердің бірі. Бұл мейрам адам баласын имандылыққа, мейірімділікке, бауырмалдыққа және Аллаға деген шынайы құлшылыққа үндейді. Құрбан айт Ораза айттан кейін 70 күн өткен соң, Зұл-хиджа айының 10-күні басталып, үш күнге жалғасады.

Құрбан айттың тарихы Ибраһим (ғ.с.) пайғамбар мен оның ұлы Исмайылға қатысты оқиғамен байланысты. Алла Тағала Ибраһим пайғамбардың иманын сынап, сүйікті ұлын құрбан етуге бұйырған. Алайда оның Алла өміріне толық мойынсұнғанын көріп, орнына көктен құрбандық мал түсірген.

Содан бері мұсылман жұртшылығы Алланың разылығы үшін құрбан шалу дәстүрін жалғастырып келеді. «Құрбан» сөзі араб тілінде «жақындау» деген мағынаны білдіреді.

Яғни, құрбан шалу — пенденің Аллаға жақындауына себеп болатын сауапты амалдардың бірі.

Сонымен қатар бұл — шүкіршілік пен қайырымдылықтың көрінісі. Құрбандық еті туған-туысқа, көрші-қолаңға және мұқтаж жандарға таратылып, қоғамдағы татулық пен жанашырлықты арттырады.

Құрбан шалу әрбір мұсылманға бірдей міндет емес. Ханафи мазһабы бойынша шамасы жеткен мұсылманға уәжіп саналады.

Құрбан шалушы адам мұсылман, ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына толған әрі негізгі қа-

жеттілігінен тыс қаражаты болуы қажет.

Құрбандыққа қой, ешкі, сиыр және түйе шалынады. Қой мен ешкі кемінде бір жасқа, сиыр екі жасқа, ал түйе бес жасқа толуы тиіс. Сонымен қатар құрбандық малы соқыр, ақсақ, тым арық немесе ауыр науқас болмауы керек.

Құрбандық шалудың да өз уақыты бар. Құрбан шалу айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні күн батқанға дейін жалғасады. Яғни, Зұл-хиджа айының 10, 11 және 12-күндері шалынады.

Дегенмен алғашқы күні шалу — абзал амал. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Кімде-кім намаздан бұрын құрбан шалса, қайта шалсын. Ал кім әлі шалмаған болса, Алланың атымен бауыздасын», — деген.

Биылғы Құрбан айт мерекесінің алғашқы күні 27 мамырға сәйкес келеді.

Ақтөбе облысында, соның ішінде Ойыл ауданында айт намазы таңғы сағат 06:30-да оқылады.

Құрбан айт — тек құрбан шалатын мереке ғана емес. Бұл — адамдардың бір-біріне кешіріммен қарап, туыстық байланысты нығайтып, мұқтаж жандарға қол ұшын созатын ізгілік мейрамы. Осындай қасиетті күндері ынтымақ пен бірлігіміз артып, әр шаңыраққа береке мен молшылық орнасын!

Құрбан айт қабыл болсын!

Бақжарық ҚЫЗЫРҰЛЫ,
Ойыл ауданының бас имамы.

ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ КЕЗІНДЕ ДЕ САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАР САҚТАЛУЫ ТИІС!

Құрбан айт кезінде халықкөпжиналып, дастарқан мол жайылады. Сонымен қатар құрбандыққа мал шалу рәсімі орындалады. Осындай уақытта санитарлық талаптарды сақтау өте маңызды.

Бұл адамдардың денсаулығын қорғап, тамақтан улану мен түрлі жұқпалы аурулардың алдын алады.

Тамақтан уланудың алдын алу жолдары

1. Етті дұрыс сақтау Жаңа сойылған етті ұзақ уақыт күннің астында қалдыруға болмайды. Ет тез бұзылатын өнім болғандықтан: оны салқын жерде сақтау; тоңазытқышқа уақытылы орналастыру; шикі ет пен дайын тағамдарды бірге қоймау қажет.

Тазалық сақтау

Ас дайындау кезінде: қолды сабынмен жиі жуу; пышақ, тақта, ыдыстарды таза ұстау; жеміс-жидек пен көкөністі мұқият жуу маңызды.

Тағамды дұрыс пісіру

Ет толық піскен болуы керек. Шала піскен ет қауіпті бактериялардың таралуына себеп болуы мүмкін.

Әсіресе балалар мен қарт адамдарға берілетін тағамның сапасына ерекше назар аудару қажет.

Дайын тағамды ұзақ сақтамау Мерекелік тағамдарды бөлме температурасында бірнеше сағаттан артық қалдыруға болмайды. Тез бұзылатын салаттар мен сүт өнімдерін тоңазытқышта сақтау керек. Мал сою ережелері Құрбандық шалу кезінде діни талаптармен қатар санитарлық қауіпсіздік те сақталуы тиіс.

Малдың сау болуы Құрбандыққа шалынатын мал:

- ауру белгілерінің;

- әлсіз немесе жарақаттанбаған;
- ветеринарлық тексерістен өткен болуы керек;
- Малды рұқсат етілген арнайы орында сою;
- аулалар мен қоғамдық орындарды ластамау;
- қалдықтарды ретсіз тастамау қажет.

Құралдардың тазалығы Пышақ пен басқа құралдар таза әрі өткір болуы керек. Бұл шариғат шарттары бойынша малға азап келтірмеуге, ал санитарлық талапта еттің сапасын сақтауға көмектеседі. Қалдықтарды дұрыс жойып, ішек-қарын және басқа қалдықтарды арнайы белгіленген жерге тастау керек.

Бұл қоршаған ортаны ластамауға және инфекциялардың таралуының алдын-алуға мүмкіндік береді. Қауіпсіздік – ортақ жауапкершілік.

Құрбан айт кезінде әр адам тазалық пен қауіпсіздік ережелерін сақтауы қажет.

Бұл мерекенің берекелі, әрі қауіпсіз өтуіне ықпал етеді. Денсаулыққа жауапкершілікпен қарап, санитарлық талаптарды орындау – өзіміз бен жақындарымызды қорғаудың маңызды жолы.

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

АЛҒЫС!

Жарық жұлдыздай жарық етіп, 20 жыл ғана өмір сүріп, он жылдық білім мен тек қана студенттік өмірдің 3-жылын тамамдап қана үлгерген, сол уақыт ішінде Самбо күресінен ҚР біріншілігінің қола жүлдесіне қол жеткізіп, марқұм болған үлкен ұлымыз Аманкелді Серікұлының 40 жасына орай еске алуға арналған 2012-14 жылдары туған жасөспірімдер мен қыздар арасында дәуодан 15-16 мамыр күндері облыстық ашық турнир өтті. Осы жарысты өткізуге бастама көтеріп, ұйытқы болған, кезінде спорттың кездесулерде бірге жүрген жолдастарына отбасымыздың алғысы шексіз.

"Жақсының жақсылығын айт- нұры тасысын"- дегендей, қанша жыл өтсе де, жолдастарын ұмытпай, рухын көтеріп, еске алып, кейінгі жас жеткіншектерге таныстырып, жоғарғы деңгейде өз қаражаттары есебінен үлкен іс-шара өткізген қазіргі таңда, алды 40-қа толған, отбасылы, ауданда, облыста әртүрлі салада қызмет етіп жатқан белді азаматтар нағыз шынайы дос екендіктерін көрсетті. Сонымен қатар, 10 жыл бірге оқыған сыныптастарының атынан облыста кәсіпкерлік салада жүрген баламның сыныптасы әрі қызымыз, әрі келініміз Нұргүл Аққонысова отбасы көрген көрегендігін, жомарттығын көрсетіп, спортта жүрген 3 жасөспірімге, әрқайсысына 50 мың теңгеден сертификат табыстады. Біз ата-анасы Алланың жазуына көне отырып, баламыз Аманкелдінің осындай аз уақытта сыныптастары мен бірге жүрген достарына адал, мейірімді болып, қасына адамгершілігі мол жақсы жолдас жинағанын көңілімізге медеу тұтамыз.

Игі тілекпен, Қартбаевтар отбасы

СУДА ЕРЕЖЕЛЕРДІ САҚТАУ — СӘТТІ ДЕМАЛЫС КЕПІЛІ!

СУҒА КЕТУДІҢ БАСТЫ СЕБЕПТЕРІНІҢ БІРІ АЛКОГОЛЬДЫ ІШІМДІКТЕРДІ ІШКЕН КҮЙДЕ СУҒА ТҮСУ, СУДА ЖҰЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІН БІЛМЕУ ЖӘНЕ ТИЫМ САЛЫНҒАН ЖЕРЛЕРГЕ СУҒА ТҮСУ.



Осындай жағдайлар болдырмау үшін келе жатқан жазғы демалыс уақытында жағажайлар мен өзен-көлдерде шомылу кезінде немқұрайлық танытпай, суға шомылудың қауіпсіздік шаралары мен ережелерін сақтау керектігін естеріңізге салғымыз келеді. Әрбір ата-ана балалардың бос уақытындағы іс-әрекеттеріне көп көңіл бөлгендері абзал.

Табиғат аясында, өзендерде суға шомылғанда абай болғандарыңыз жөн. Балалардың ересектерсіз суға түсуге, ересек жастағы адамдардың алкогольдық ішімдік ішкен күйде суға шомылуына тыйым салынады. Жүзу білмесеніз немесе өзіңізге белгісіз (ағысы қатты, терең, жар-қабақтар) жерлерге шомылмау керек. Ойыл өзені бойында тыйым салынған аймақтарда шомылуға жол берменіздер.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ

«Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің» ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы кіші қызметкер Гаухар Саринаға аяулы жары

Шитанов Мағелланның мезгілсіз өмірден озуына байланысты отбасына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл
Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1402 дана. Тапсырыс 739 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525
«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ӘКІМ ЕСЕП БЕРІП, ТҰРҒЫНДАРДЫ ТЫҢДААДЫ



Өткен аптада аудан әкімі Асқар Қазыбаев Саралжын және Қайыңды ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесті. Алдымен Саралжын ауылдық округін елді-мекендерінің тұрғындарымен кездесу барысында Асқар Қайырғалиұлы Ойыл ауданының әлеуметтік-экономикалық саладағы атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларға жеке-жеке тоқталып, ауданның және ауылдық округтердің әр саладағы өсім деңгейімен таныстырып өтті. Аудан әкімінің әлеуметтік-экономикалық саладағы атқарылған және алдағы жоспарларын тыңдаған ауыл тұрғындары жергілікті жердегі бірқатар өзекті сұрақтарын қойып, ұсыныстарын білдірді. Жол мәселесі, газ мәселесі сынды бірқатар мәселелер қойылып, жеке шаруа қожалықтарының ауылдық округтің жайылымдық жерлерін тарылуына себеп болуы бойынша тұрғындардан өтініштер келіп түсті. Ал, Бестамақ ауылының тұрғыны Д.Ермашева мектепке орталықтандырылған ауыз су құбырын жүргізіп, ауласын жарықтандыру мәселесін көтерсе, Қоңырат ауылының тұрғыны С.Жанатуғанов ауылға баратын жолды жөн-

деуді ұсынды. Тұрғындар көтерген мәселелерге орай тиісті сала басшыларымен қатар ауылдық округ әкімдері түсінік берді. Қайыңды ауылдық округіндегі кездесулер барысында аудан әкімі Ойыл ауданының әлеуметтік-экономикалық саладағы атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларға жеке-жеке тоқталып, ауданның және ауылдық округтердің әр саладағы өсім деңгейімен таныстырып өтті. Ауыл тұрғындарының тарапынан орталықпен қатынастың жол мәселесі, газ мәселесі, мал ауруларының алдын алу шаралары бойынша тұрғындардан өтініштер келіп түсті. Сонымен қатар жұмыс мәселесі және қысқа дайындық жұмыстары талқыланды. **Р. С. Барлық ауылда тұрғындардың өтініш-тілектері мен маңызды сұрақтары бойынша арнайы іс-шаралар жоспарын құрып, қолданыстағы заң талаптары мен қаржылық мүмкіндіктерге байланысты жұмыстар жүргізілетінін айтылды.** Аудан басшысы ауылдық округ әкімдері мен тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Кездесу соңында, ауыл тұрғындарын жеке сұрақтары бойынша қабылдау өткізілді.

ТҮЛЕКТЕР ТАРТУЫ — ТАҒЫЛЫМДЫ ТУРНИР

ҚАРАОЙ АУЫЛЫНДА 9 МАМЫР ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІНЕ ОРАЙ 1983 ЖЫЛҒЫ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ БАСТАМАСЫМЕН ЖОҒАРҒЫ ДЕНГЕЙДЕ ВОЛЕЙБОЛ ЖӘНЕ АРҚАН ТАРТЫС ТУРНИРИ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, КӨПШІЛІКТІҢ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚҚАН ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА ӨТТІ.

Іс-шараның негізгі мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, ауыл тұрғындарының, жастарының бірлігін арттыру және спортқа баулу. Бұл игі бастама – тек спорттық жарыс ғана емес, ауыл тұрғындарының басын қосқан берекелі басқосу болды. Турнирге Қараой ауылының 1966-1986 жылғы түлектерінен құралған бірнеше команда қатысты. Жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылар арасында әділ бәсеке орын алды. Әр команда жеңіске деген жігерін көрсетіп, тартысты ойын әрнегін паш етті. Әсіресе волейбол жарысы жанкүйерлердің ерекше қызығушылығын тудырса, арқан тартыс сайысында командалардың ұйымшылдығы мен күш-жігерін көрсетті. Волейбол алаңында ойыншылардың шапшаңдығы мен ептілігі байқалса, арқан тартыс күш пен бірліктің үйлесімі ерекше көрінді. Ауыл бірлігін нығайтып, салауатты өмір салтын насихаттауды мақсат еткен шара жоғары деңгейде өтті.

Ұйымдастырушылар – 1983 жылғы түлектер – бұл шараны дәстүрге айналдыруды мақсат етіп отырғандарын жеткізді. Шара барысында 1983 жылғы түлектер ауыл спортының дамуына әрдайым қолдау көрсету маңызды екенін атап өтті. Олардың айтуынша, мұндай кездесулер ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, ауыл жастарын спортқа баулуға үлкен септігін тигізеді. Жарыс соңында үздік шыққан командалар марапатталып, қатысушыларға алғыс білдірілді. Көрермендер де ерекше әсер алып, спорт мерекесінің куәсі болды, өз тілектерін шынайы көңілдерімен білдіріп жатты. Бұл турнир – ауыл өміріндегі бірлік пен ынтымақтың, аға буындар мен жастар арасындағы достық пен сыйластықтың жарқын көрінісі болды. Бұл күн – тек жарыс күні ғана емес, өткенді еске алып, бүгінді бағалап, болашаққа үмітпен қараған сәт болды. Түлектердің бұл бастамасы – кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық игі іс.



ЖАҢА ОРТАЛЫҚ

АҒА БУЫНДЫ БЕЛСЕНДІ ӨМІРГЕ ШАҚЫРАДЫ! ОЙЫЛ АУДАНЫНДА АҒА БУЫН ӨКІЛДЕРІНІҢ БЕЛСЕНДІ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАҒЫ БІР ИГІ БАСТАМА ЖҮЗЕГЕ АСТЫ. АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ ОРТАЛЫҒЫ» КОМУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ АШЫЛЫП, ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ.



Салтанатты шараға ауданның 70-ке жуық зейнеткері қатысып, жаңа орталықтың тыныс-тіршілігімен танысты. Орталықтың ашылу рәсімінде лентаны мәдениет саласының ардагері, мәдениет қайраткері Амангелді Жұманов және «Қазақ аналары – Дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің Ойыл аудандық филиалының төрайымы Зоя Дауылбаева қиды. Шара барысында Ойыл аудандық ардагерлер кеңесінің атынан Берік Бисекенов құттықтау сөз сөйлеп, бұл орталықтың егдге жастағы азаматтардың қоғам өміріне белсенді араласуына зор мүмкіндік беретінін атап өтті. Ал орталық басшысы Жангүл Бақытжанқызы мекеменің негізгі бағыттарына тоқталып, жиналған қауымды мамандармен таныстырды. Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы – зейнеткерлердің денсаулығын нығайтып, бос уақытын тиімді әрі мазмұнды өткізуіне арналған заманауи

орта. Мұнда келушілер дене шынықтыру жаттығуларымен айналысып, қолөнер үйреніп, шахмат пен тоғызқұмалақ ойнай алады. Сонымен қатар түрлі әдеби кітаптар оқуға, психологиялық тренингтерге қатысуға және арнайы жабдықталған кең бөлмеде жаттығу жасауға мүмкіндік қарастырылған. Орталық жоспарына сәйкес, қатысушылар үшін қоғамдық, мәдени және танымдық іс-шаралар да тұрақты ұйымдастырылып отырмақ. Аталған орталық аудан орталығындағы Көкжар көшесі 52-үй мекенжайындағы «Бизнес инкубатор» ғимаратында орналасқан. Бұл бастама – аға буын өкілдеріне қолдау көрсетіп, олардың өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам. Ардагерлер әр күнін көтеріңкі көңіл күймен өткізіп, белсенді өмір салтын жалғастыра берсін деген тілек білдіреміз.

“МҮЗЕЙ ТҮНІ” – РҰХАНУ МҰРАҒА ТАҒЫМ

18 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЕЙ КҮНІ. БҰЛ АТАУЛЫ КҮН 1977 ЖЫЛЫ МӘСКЕУ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЕЙЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ХІ БАС КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА БЕКІТІЛІП, 1978 ЖЫЛДАН БАСТАП КӘСІБИ МЕРЕКЕ РЕТІНДЕ КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТАЛЫП КЕЛЕДІ.

Аталған күннің басты мақсаты – музейлердің қоғам өміріндегі маңызын арттыру, тарихи-мәдени мұраны насихаттау және келушілердің музейге деген қызығушылығын күшейту. “Музей түні” халықаралық акциясы алғаш рет 1997 жылы Германия музейлерінде ұйымдастырылып, түнгі уақытта келушілерге есіктерін айқара ашты. Кейін 2005 жылы Франция тарапы бұл акцияны халықаралық деңгейде жыл сайын өткізу туралы ұсыныс жасап, Еуропа Кеңесі оны ресми түрде қолдады. 2006 жылы әлемнің 38 еліндегі екі мыңнан астам музей “Музей түні” жобасына қатысып, сол жылы Қазақстан да халықаралық акцияға қосылды. Қазақстандағы “Музей түні” мерекелік шарасын алғашқылардың бірі болып ҚР Мемлекеттік орталық музейі ұйымдастырған болатын. Бүгінде бұл игі дәстүр еліміздің барлық өңірлерінде жалғасын тауып келеді. Қазіргі таңда Қазақстанда 271 музей халыққа қызмет көрсетуде. Аталмыш іс-шара аясында Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінде “Музей түні –2026” атты кең ауқымды мәдени-танымдық шара ұйымдастырылды. Шараны музей директоры Дулат Бітімбайұлы жүргізді. Тағылымды кештің ашылу салтанатында мерекелік құттықтаулар айтылып, музей ісіне белсенді атсалысып жүрген азаматтар мен “Музей үздіктері” марапатталды. Сонымен қатар музейдің құрметті қонақтары, жанашырлары, аудан мекемелері, мектептер мен кәсіптік колледждің өкілдеріне алғыс білдіріліп, мәдени шаралар мен көрме-

лерге қосқан үлестері үшін арнайы марапаттар табысталды. Кеш аясында келушілерге “Музейдің жаңа жәдігерлері” атты көрме таныстырылып, музей қорына жаңадан қажет болмаған тарихи жәдігерлер көпшілік назарына ұсынылды. Саралжын ауылдық округіне қарасты Қызыл өзеннің үш отар жерінің өзен бойынан табылған алып жануардың шошақ омыртқасы келуші қонақтарға ең қызықты жәдігер болды. Әр жәдігердің шығу тарихы мен тарихи маңызы жөнінде кеңінен мәлімет берілді. “Табиғат” залында қолөнер шебері Қойшыбай ата “Тері илеу, қамшы тоқу” шеберлік сағатын өткізіп, қазақтың дәстүрлі қолөнерінің ерекшеліктерін көрсетті. Ал “Этнография” залында Жанат Әбибуллақызы “Кілемше тоқу” шеберлік сағатын ұйымдастырып, ұлттық тоқымашылық өнерінің қыр-сырын таныстырды. “Шығанақ” залында “Ақ тарының атасы – Шығанақ Берсиев” тақырыбында насихаттық әңгімелесу кеші өткізіліп, дақты диқанның өмірі мен еңбегі дәріптелді. Шығанақ бейнесін сомдаған Боранбай Ешпанов көрермен көңілінен шықса, Ғ.Мұстафиннің Шығанақ романын насихаттаушы Саламат Шаңғала шығарма туралы тағылымды ойларымен бөлісті. Сонымен қатар, музейдің “Өлкетану” клубының мүшесі, “Шығанақтанушы” ардагер-устаз Айжан Ақжарыққызы оқушыларға Шығанақ Берсиевтің еңбекқорлығы, қарапайымдылығы мен елге сіңірген еңбегі туралы тәрбиелік мәні зор әңгімелер айтып, жастарды

еңбекке, туған жер тарихын құрметтеуге үндеді. Сондай-ақ, Шығанақтың ұрпағы Мейірім Берсиева отбасында сақталған естеліктермен бөлісіп, тарихи тұлғаның адами болмысы туралы сыр шертті. Осындай мазмұнды кездесулер арқылы музейдің ғылыми-ағартушылық қызметі насихатталып, келушілердің өлке тарихына деген қызығушылығы арта түсті. “Тарих” залында музейдің ғылыми қызметкері Дана Жолдасқызы “Музейдің ғылыми зерттеулері мен іздері туралы жұмыстары” тақырыбында таныстырылым өткізіп, музейдің ғылыми бағыттағы атқарылып жатқан жұмыстарын таныстырды. Келушілер архивтік құжаттар мен тарихи деректерге негізделген іздері туралы жұмыстарының нәтижелерімен танысты. Сондай-ақ “Соғыс ардагерлері” залында Кеңес Одағының Батыры Н.Оноприенконың 115 жылдығына арналған архивтік құжаттар көрмесі ұйымдастырылып, Камшат Бексұлтанқызы келушілерге тарихи экскурсия жүргізді. Батырдың өмір жолы мен ерлік істеріне қатысты құнды деректер көпшілікке кеңінен таныстырылды. “Музей түні–2026” шарасы ұлттық құндылықтарды ұлықтап, тарих пен мәдениетті насихаттаған мазмұнды рухани кеш ретінде есте қалды. Осындай игі шаралар арқылы музейдің қоғамдағы рөлі артып, жас ұрпақтың туған тарихқа деген қызығушылығы арта түсері сөзсіз.

Дана ӘБИ, Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ғылыми қызметкері.

ДАСТАРҚАННЫҢ СӘНІНЕ АЙНАЛҒАН «ҚЫЗҒАЛДАҚТЫҢ ӨНІМДЕРІ

АУЫЛДА ОТЫРЫП-АҚ АДАЛ ЕҢБЕГІМЕН КӘСІБІН ДӨҢГЕЛЕТІП ОТЫРҒАН ЖАНДАРДЫҢ БІРІ – ТАЙСОЙҒАН АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ҚЫЗҒАЛДАҚ САПАРОВА. КӨПБАЛАЛЫ АНА БҮГІНДЕ ТАБИҒИ СҮТ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРІП, АУЫЛ ҒАНА ЕМЕС, ӨЗГЕ ӨҢІРЛЕРГЕ ДЕ ТАНЫЛЫП ОТЫР.



Кәсіпкер қазіргі таңда құрт, ірімшік, сарысу, балқаймақ, май-күл, брынза, чечил, сүзбе секілді түрлі сүт өнімдерін дайындайды. Табиғи, әрі дәмді өнімдерге сұраныс жоғары. Оның айтуынша, халық көбіне қаймақ, май, құрт пен сүзбеге тапсырыс береді. Қызғалдақ алайдың күнделікті тірлігі ерте таңнан басталады. Сүтті жолдасы арнайы аппаратпен сауып әкеледі, сауып әкелген сүттен ол түрлі ұлттық өнімдер әзірлейді. Ақтың бабын тауып, сапалы өнім дайындауды кәсіп қана емес, үлкен жауапкершілік деп біледі. – Күніне 7 литр қаймақ дайындаймын. Екі күнде бір рет май былғаймын. Ірімшік қайнатқанда 2 келі өнім аламын. Күніне 10 келі творог, 5 келі тәтті құрт жасаймын. Сүттің барлығы өзіміздің сиырлардан алынады. Қазіргі таңда күніне 140 литрдей сүт сауамыз, – дейді кәсіпкер. Қызғалдақ Сапарованың ауылға бейімделуі оңай болмаған. Ол бұған дейін қалада тұрғанын айтады. – Ақтаудан бес баламен ауылға келіп келдік. Алтыншы баламды дәл кәсіп бастап жатқан уақытта босандым. Алғашқы бір жыл қиын болды. Ауыл тіршілігіне үйрену оңай емес екен. Таңертең ерте тұрып, күл шығарып, от жағасың.

Одан кейін сиыр сауу басталады. Балалардың тамағы, үй шаруасы тағы бар. Басында бәрі ауыр көрінді. Бірақ уақыт өте келе үйреністік, – дейді ол. Алғашында отбасы Саралжын ауылында тұрған. Кейін мемлекеттік бағдарламамен Тайсойған ауылына қоныс аударыпты. – Тайсойғанда газ болған соң көшіп келдік. Қазір мал ұстайтын үлкен, таза базамыз бар. Бұл да кәсіпті дамытуға жақсы мүмкіндік табылады, – дейді көпбалалы ана. Кәсіпкердің айтуынша, 2022 жылы мемлекеттік қайтарымсыз грант жайлы естіп, бағын сынап көруге бел буған. – Ауыл әкімдігіне барып, грантқа қатыстым. Тігін тігемін деп жоба қорғап, 1 миллион 225 мың теңге көлеміндегі грантты жеңіп алдым. Сол қаржыға бес тігін машинасын сатып алдым. Мектеп оқушыларының бантигін, юбкасын, шалбарын тігіп, көрпе-көпшік жасаумен де айналыстым, – дейді ол. Кейін “Ауыл аманаты” жобасы аясында 5 ірі қара сатып алып, сүт өнімдерін өндіруді бастаған. Бүгінде кәсібі кеңейіп, шағын өндіріс орнына айналып келеді. – Өкімдік бізге көп көмек көрсетті. 2023 жылы облыс әкімі болған Ералы Тоғжанов ауылға келген кезде жеке қабылдауда тағы

бес сиыр беруін сұрадым. Ертеңіне сөзімді жерде қалдырмай, тағы бес ірі қара әкеліп берді. Осылайша кәсібімізді 10 сиырмен бастадық. Кейін оларды сатып, сүтті асыл тұқымды сиырлар алдық, – дейді кәсіпкер. Қазіргі таңда “Хасан” жеке кәсіпкерлігі арқылы өнімдері әлеуметтік желі, әсіресе TikTok арқылы өзге ауылдар мен қалаларға жөнелтіледі. Көпбалалы ана үй шаруасы мен кәсіпті қатар алып жүрудің де өзіндік сыры бар екенін айтады. – Балаларым өсті. Үлкендері кішілеріне қарап, үй жинауға, май былғауға көмектеседі. Соның арқасында өзім сүт өнімдеріне көбірек көңіл бөлемін, – дейді ол. Алдағы уақытта Қызғалдақ Сапарова шағын цех ашып, кәсібін одан әрі дамытуды жоспарлап отыр. – Болашақта әуелі шағын цех ашып, сүт өнімдерін үлкен көлемде шығарғым келеді. Құрт жасайтын арнайы аппарат алсам деймін. Ауылда ғимарат мәселесі бар, дегенмен мақсатымын бас тартпаймын, – дейді ол. Кәсіпкер ауыл әйелдерін еңбекқор болуға шақырады. – Ештеңеден қорықпау керек. Сылтау іздемеу керек. Жасаймын деген адамға мүмкіндік табылады. Қандай кәсіптің де қиындығы болады. Бірақ сол қиындыққа сынбай, алға ұмтылу қажет. Ең бастысы – ниет пен еңбек, – дейді Қызғалдақ Сапарова. Қарапайым еңбекті кәсіпке айналдыра білген жанның ісі көпке үлгі. Адал еңбек пен табандылықтың арқасында ауылда да үлкен бастамаларды жүзеге асыруға болатынын ол өз ісімен дәлелдеп келеді. **P.S. Жуырда ауданда өткен «Бір ауыл – бір өнім» жобасына қатысқан Қызғалдақ Сапарова өз өнімдерін көпшілік назарына ұсынды. Байқау барысында табиғилығы мен сапасы жоғары бағаланған сүт өнімдері үздіктер қатарынан танылып, облыстық көзөңге жолдама алды.** Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.